АРАЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

Арал қаласы. №82ч «25» 04 2025 жыл

Шұғыл шығындарға арналған ауданның жергілікті атқарушы органның резервінен қаржы бөлу туралы

КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Орындаушы

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 89538 болып тіркелген) басшылыққа ала отырып, 2025 жылғы 15 сәуірдегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысының хаттамасына, «Арал аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 01-11/265 санды хатына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Арал аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен 10 тонна дизель сомасы 2 950 000 (екі миллион тоғыз жүз елу мың) теңге және 6 тонна бензин сомасы 1 230 000 (бір миллион екі жүз отыз мың) теңге жанар-жағармай қорын жасақтау үшін «Шұғыл шығындарға арналған ауданның жергілікті атқарушы органның резервінен» барлығы 4 180 000 (төрт миллион бір жүз сексен мың) теңге ақша бөлінсін.

2. «Арал аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ж. Құдайберген) бюджеттік бағдарлама әкімшісіне бөлінген ақшасын мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету жүктелсін.

3. «Арал ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Т. Рашев) бюджетке тиісті өзгертулер енгізу тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Е. Әбішевке жүктелсін.

5. Қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІ

АУДАН ӘКІМІ **А. ОҢҒАРБАЕВ**